

"Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыланатын мемлекеттік мекемелер үшін жүргізілген, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп беруді жасау мен табыс етудің Ережесі мен есеп нысандарын" бекіту және күшіне енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің төрағасы 1999 жылғы 25 қаңтардағы N 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 28.02. 1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 692. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 56 бұйрығымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қаңтардағы N 35 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің мәселелері" қаулысының негізінде бұйырамын:

1. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыланатын мемлекеттік мекемелер үшін жүргізілген, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп беруді жасау мен табыс етудің қоса беріліп отырған Ережесі мен есеп нысандары бекітілсін.

2. Аталып отырған, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп беруді жасау мен табыс етудің Ережесі мен есеп нысандары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің 1998 жылғы 19 қазандағы N 199 "Республикалық және жергілікті бюджеттерден, сондай-ақ бюджеттен тыс қорлардан қаржыланатын ұйымдар үшін өткізілген, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп беруді жасау мен табыс етудің Ережесі мен есеп нысандарын" бекіту және күшіне енгізу туралы бұйрығының күші жойылған деп белгіленсін.

Төраға

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыланатын мемлекеттік мекемелер үшін жүргізілген, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп беруді жасау мен табыс етудің Ережесі мен есеп нысандары

1. Осы Ереже мен жүргізілген тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп нысандары Қазақстан

Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігін құру туралы" 1998 жылғы 14 желтоқсандағы N 4173 Жарлығы негізінде мемлекеттік сатып алу процесіне бақылау жасау және оны үйлестіру мақсатында әзірленген және ол жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы есеп беруді табыс етудің тәртібін белгілейді.

2. Жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы есепті Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерден, соның ішінде мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттардың қаражаты есебінен қаржыланатын мемлекеттік мекемелер-бағдарламалардың әкімшілері қоса беріліп отырған нысан бойынша табыс етеді:

1) Мемлекеттік мекемелердің-бағдарламалардың әкімшілерінің қарамағындағы мекемелер жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы есепті жоғары тұрған мемлекеттік мекемелерге береді;

2) Республикалық бюджеттен, соның ішінде мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттардың қаражаты есебінен тікелей қаржыланатын мекемелер-бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік сатып алу туралы есепті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне, тоқсан сайын өсімді нәтижемен, есеп берілетін кезеңнен кейінгі айдың 25-не дейін береді;

3) Жергілікті бюджеттерден қаржыланатын мемлекеттік мекемелер мемлекеттік сатып алу туралы есептерді тоқсан сайын жоғары тұрған мемлекеттік мекемелер-бағдарламалар әкімшілеріне береді, ал олар жиынтық есепті облыстық атқарушы органға табыс етеді. Облыстық атқарушы органдар және Астана мен Алматы қалаларының атқарушы органдары облыс және Астана мен Алматы қалалары бойынша жиынтық есепті қалыптастырып, оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне өсімді нәтижемен есеп берілетін кезеңнен кейінгі айдың 25-не дейін береді;

4) Есепке есеп беруші мемлекеттік мекеменің басшысы қол қояды.

3. Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді жүргізілген мемлекеттік сатып алу туралы есеп нысаны үш бөліктен тұрады:

1) конкурс тәсілімен жүргізген мемлекеттік сатып алу;

2) баға ұсыныстарын пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу;

3) бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу.

Есеп беруді толтырған кезде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және осы заңды орындау үшін қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 Қаулысын басшылыққа алу қажет.

4. "Конкурс тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу" деген 1-бөлімге конкурстың түрі көрсетіліп, конкурста жеңіп шыққан тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді беретін өнім берушілерден тапсырысшылар жүргізген барлық мемлекеттік сатып алу жөніндегі деректер енгізіледі:

1) 2-бағанда мемлекеттік сатып алу тәсілдері мен конкурс түрлері көрсетіледі;

2) 3, 4, 5-бағандарда өткізілген конкурстардың жалпы саны, өткізілген барлық конкурстар бойынша жеңіп шыққан өнім берушілердің, оның ішінде - шетелдік өнім берушілердің жалпы саны көрсетіледі;

3) 6, 7-бағандарда сатып алудың жалпы құны, оның ішінде шетелдік өнім берушілерден сатып алу құны көрсетіледі;

4) 8-бағанда конкурс тәсілімен жүргізілген сатып алудан түскен шартты үнемді көрсету керек. Шартты үнем тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алудың жоспарланатын көлемі бойынша сметалық мақсаты мен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алудың осы көлемінің өткізілген конкурс нәтижелері бойынша іс жүзінде қалыптасқан жинақ құны арасындағы айырмашылық ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

5. "Баға ұсыныстарын пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу" деген 2 бөлімге "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес жүргізілген барлық мемлекеттік сатып алу жөніндегі деректер енгізіледі:

1) 3, 4, 5-бағандарда жүргізілген осындай сатып алудың саны, жеңіп шыққан өнім берушілердің, оның ішінде - шетелдік өнім берушілердің саны көрсетіледі;

2) 6, 7-бағандарда жүргізілген осындай сатып алудың, шетелдік өнім берушілерден алуды қосқанда, іс жүзіндегі құны көрсетіледі.

6. "Бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу" деген 3 -бөлімге "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілген барлық мемлекеттік сатып алу жөніндегі деректер енгізіледі, бұл жағдайда 8-баған толтырылмайды. Соның ішінде тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді табиғи монополияларға жатпайтын субъектілерден бір көзден мемлекеттік сатып алуды б ө л і п к ө р с е т у к е р е к :

1) 3-бағанда жүргізілген осындай сатып алудың саны көрсетіледі;

2) 4, 5-бағандарда өнім берушілердің, оның ішінде - шетелдік өнім берушілердің саны көрсетіледі;

3) 6, 7-бағандарда жасалған шарт бойынша мемлекеттік сатып алудың, шетелдік өнім берушілерден алуды қосқанда, іс жүзіндегі құны көрсетіледі.

7. "Жүргізілген сатып алудың барлығы" деген 4-бөлімде 3, 4, 5, 6, 7, 8-бағандарда барлық үш бөлімдер бойынша жалпы сома көрсетіледі.

Республикалық және жергілікті бюджетерден қаржыланатын мемлекеттік мекемелер үшін жүргізілген, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы есеп беруді жасау мен табыс етудің Ережесіне қосымша

_____жылғы" "_____толтырылды
 _____жылғы" "_____жағдай бойынша жүргізілген
 мемлекеттік сатып алу туралы

Есеп

(мемлекеттік мекемелердің-бағдарламалардың әкімшілерінің атауы)

Рет саны	Сатып алу тәсілі	Саны	Сатып алудың жалпы көлемі (мың теңге)
		өткіз. жеңіп оның Барлығы оның	
		ілген шыққан ішін. ішінде	
		конкур өнім де ше- шетел.	
		стар. беруші телдік дік өн-	
		дың лердің өнім ім беру	
		беру. шілер-	
		шілер- дің	
		дің	

1	2	3	4	5	6	7
1	Конкурс тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу Барлығы, оның ішінде ашық тәсілмен					

	жабық тәсілмен							
2	Баға ұсыныстарын пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу							
3	Бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілген мемлекеттік сатып алу Барлығы,							
	оның ішінде табиғи монополияларға жатпайтын субъектілерден							
4	Жүргізілген сатып алудың барлығы:							

Конкурстық негізде жүргізілген сатып алудан түскен шартты үнем (мың теңге)

8

1	.							
2	.							
3	.	*						
4	.	*						

орындаушы: _____
тел: _____

Басшы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ